



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

АҒАЙЫН-ТУЫСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫРЛАРЫ**Уразбаев Бекзат Адиханұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
«Әлеуметтану» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Смағамбет Б.Ж.

Заманауи отбасы институтында біршама өзгерістер кешені кездеседі. Жаңа құндылықтарды бойына сіңірген қоғам адамзат баласына жаңа талаптар ұсынып отыр. Нақтырақ, дәстүрлі қазақ қоғамы ағайындық қарым-қатынастарға негізделіп құрылған қоғам жағдайында сипатталды. Туындаған барлық қиындықтар және мәселелер ұжымдық деңгейде шешіліп отырды. Ал, енді бүгінгі таңда нарықтық қатынастар қоғамы адамның өмірін индивидуалдылыққа итермелеуде.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ағайындық-туыстық байланыстар – өзіндік ерекшелікке ие күрделі жүйе. Қазіргі кезде осы жүйе құрылымының өзгеруіне қоғамдық даму процестерінің нәтижесінде бірнеше факторлардың ықпал етіп отырғаны байқалады. Әрине, бұл факторлар қатарына индустриялану, урбандалу және нарықтық қатынастардың тереңдеуі жатады. Аталмыш факторлар туыстық -ағайындық байланыстар жүйесінің сапалық, сандық және ұрпақтық құрылымына, қарым-қатынастар шеңберіне, жеті ата дәстүрінің сақталу дәрежесіне және дербес тұлғалық мүдделерге ықпал етуде. Осы құбылыстардың ықпал ету динамикасын анықтау - әлеуметтану ғылымы үшін өзекті мәселелердің бірі, себебі дәстүрлі отбасылық-туыстық қатынастардан заманауи-нуклеарлы қатынастарға өту процесіндегі күнделікті өмірдегі аралық стратегиялардың сипатын білу отбасылық саясаттың негізгі бағыттарын айқындауда, тұжырымдаманы тағайындау барысында концептуалдық мәселелерді анықтауға, іс-шараларды бағамдап, оларды табысты жүргізуде ескерілуі тиіс.

Қазақстандық қоғамдағы ағайын-туыстық қатынастарды зерттеуде Астана және Жетісай қалалары қамтылды. Бұл қалалардың таңдалуы қалалық кеңістіктегі модерн (постмодерн) сипаттамасына тән критерийлер мен тәжірибелердің үлесі мен арасалмағына байланысты. Астана қаласы – заманауи өмір сүру стратегиялары үстем қала болса, Жетісай қаласы – дәстүрлі қарым-қатынастар жүйесі сақталған шағын қала. Екі қаланың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәртебелері, әлеуметтік құрылымы мен қалыптасу тарихы әртүрлі.

Зерттеу әлеуметтанулық сауалнама әдісі көмегімен жүзеге асырылды[1]. Сауалнамаға Астана және Жетісай қалаларында тұратын әртүрлі отбасылық жағдайдағы, 18-45 және одан ересек 140 респондент қатысты. Ер адамдар саны - 68, әйелдер саны – 72. Жас ерекшеліктеріне қарай 18-22 жас аралығында – 29 респондент, 23-29 жас аралығында – 35 респондент, 30-38 жас аралығында – 38 респондент, 38-45 жас аралығында – 24 респондент, 45 және одан да жоғары – 14 респондент қатысты. Іріктелген жиынтық белсенді десографиялық топ өкілдерінің басымдығын көрсетеді.

«Отбасыңызда кімдер бірге тұрады?» сұрақ бойынша «Ата-ана және балалар» жауап нұсқасын сәйкесінше, Астана қаласында респонденттердің – 36,6%, ал Жетісай қаласында – 63,4% белгілеген. Келесі нұсқа «ата-әжем, ата-анам және балалар», яғни кеңейтілген отбасының үлесі Астана қаласында – 15,8%, ал Жетісай қаласында – 84,2%. Бұл көрсеткіштер - Астана қаласы тұрғындарының отбасылық-туыстық қатынастарда заманауи стратегияларды таңдағанын және дәстүрлі үлкен отбасынан алшақтауының белгісі. Оған дәлел ретінде, Астанада кеңейтілген отбасының үлес салмағы салыстырмалы түрде Жетісай қаласынан біршама төмен болуы. Сонымен қатар отбасы институтында қалыптасқан жаңа жағдайлардың Астана қаласы кеңістігінде орын алып отырғанын зерттеу нәтижелері көрсетті.

Туыстық қарым-қатынастардың тереңдігі мен тұрақтылығына отбасынан тараған ағайындар санының көп не аз болуының тікелей ықпалы бар екені анықталды. Мысалы,

зерттеуге алынып отырған екі аймақтағы ағайындық шеңберлерін салыстырып көрсек. Нақтырақ, респонденттердің 13,6% алты және одан да көп балалы отбасында тәрбиеленген. Олардың барлығы Жетісай қаласындағы респонденттер. Ал Астана қаласынан зерттеуге қатысқан респонденттердің басым бөлігі 3 ағайынды отбасылық-туыстық шеңберді көрсетті. 5 ағайынды отбасынан респонденттердің 22,1% болса, тағы да олардың барлығы Жетісай қаласындағы респонденттер болып шықты. 4 ағайынды отбасынан шыққандар Астана қаласында 16,7%, ал Жетісай қаласында 31,3% құрады. 3 және 2 ағайынды отбасылар саны бойынша алынған мәліметтер: Астана қаласында 3 ағайынды – 50,0%, 2 ағайынды – 23,3%, Жетісай қаласында 3 ағайынды – 2,5%, ал 2 ағайынды отбасылар саны – 3,8%. Соңғы кезекте 1 балалы отбасылар саны Астана қаласында жалпы – 10% қамтиды, Жетісай қаласында 1 балалы отбасылар зерттеу нәтижесінде мүлдем көрсетілмеген. Бұл нәтижелерге талдау жасап өтетін болсақ, Астана қаласында 3 ағайынды отбасылар саны басымдыққа ие болып тұр, ары қарай 4 ағайынды, 2 ағайынды және 1 балалы отбасылардың саны басым екені байқалады, Жетісай қаласында тек 4 ағайынды, 5 ағайынды және 6 ағайынды отбасылық шеңберлер жоғарғы көрсеткішті сипаттайды. Осы мәліметтерден шығатын қорытынды Жетісай қаласында отбасы институтының дәстүрлі көпбалалы түрі сақталып отырғаны, сонымен қатар ағайындылар арасындағы туыстық қатынастардың жоғары динамикасы байқалады, ал Астана қаласында керісінше, тек аз ағайынды отбасылық қарым-қатынастар шеңберінің қалыптасқандығын көреміз.

Туыстық-ағайындық қарым-қатынастардың беріктігіне қатысты аймақтық ерекшеліктер де бар екені айқындалды. Бұл жағдайды анықтау үшін «Барлық ағайындарыңызбен қарым-қатынасыңыз жақсы ма?» сұрағы қойылды. «Иә, барлығымыз тығыз араласып тұрамыз» жауап нұсқасы бойынша Астана қаласындағы көрсеткіш – 41,7% болса, Жетісай қаласында – 76,3%. «Жоқ дегеннен гөрі, иә» Астана қаласында – 16,7%, Жетісай қаласында – 17,5%. «Иә дегеннен гөрі, жоқ» Астана қаласында – 18,3%, Жетісай қаласында – 2,5%. «Жоқ, барлығымен байланыста емеспін» Астана қаласында – 20%, ал Жетісай қаласында – 3,75%. «Жауап беруге қиналамын» нұсқасы бойынша Астана қаласында – 3,3%, Жетісай қаласында бұл жауап нұсқасын таңдаған респонденттер тіпті кездеспейді. Берілген жауап нұсқаларын салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, Жетісай қаласында ағайындық қарым-қатынастардың беріктігі Астана қаласына қарағанда, біршама жоғары екендігін көруге болады. Оған дәлел - бірінші жауап нұсқасында сандық көрсеткіштер арасындағы айқын айырмашылық. Сонымен қатар Астана қаласында жаһандану элементтері басымырақ, қала тұрғындары тек өз отбасының көлеміндегі қарым-қатынастар шеңберінен шыға қоймайды. Нарықтық экономика күнделікті өмірдегі қатынастарды «экономикалық адамға» тән «шығын минимизациясы мен пайда максимизациясы» принципін ұстануға итермелейді. Соған қарамастан Жетісай қаласының тұрғындары ағайындар арасындағы байланысты жоғалтпауға тырысады. Ал Астана қаласының тұрғындары ағайындармен қарым-қатынасқа түсуде орын алатын жағдайлардың барлығын рационалды түрде қарастырып, ағайындық байланыстардан оқшаулануға бейім екенін көреміз. Мысалы: көп ағайынның болса, олардың барлығымен араласуға ең бірінші – уақыт кетеді, одан соң материалдық игіліктер көлемінің азаюына да септігін тигізуі мүмкін.

Туыстық қарым-қатынастардың тығыз болуына септігін тигізетін бірден-бір құрал – ағайындық шеңберіндегі туыстардың бірін-бірі толық біліп-тануы. Астана қаласында респонденттердің – 40%, Жетісай қаласында – 62% өз туыстарының барлығын біледі және тығыз қарым-қатынаста. Тек әке жағынан тараған туыстарымен араласатындар Астана қаласында 25%, ал Жетісай қаласында – 21,3% құрады. Нағашы туыстарымен ғана қатысатындар Астана қаласында – 11,7%, Жетісай қаласында – 1,3%. Сонымен қатар бірнеше туыстарын ғана білетін респонденттер Астана қаласынан – 23,3%. Зерттеу нәтижелері туысқандық қатынастар институтының әлсірей бастау процесіне тән белгілерді байқатты. Сонымен қатар зерттеу қазақтардың туыстық қатынастарында әке институтының әлі де әлеуметтік мәртебелі ресурсының беріктігін дәлелдеді. Зерттеу әке жағынан тарайтын туыстарды таңдауы жиілігі Астана және Жетісай қалалары бойынша бірдей екенін көрсетті.

Астана қаласында респонденттердің 23% араласатын туыстар қатарының азайып отырғандығын атап өтеді, үлкен қаладағы саналуан кәсіби, мәдени мүдделер мен құндылықтар біріктіретін жаңа қауымдастықтар туыстық қауымдастықтарды алмастыра бастайды. Сонымен қатар қалалық кеңістіктегі өмірдің дискреттенуі немесе квантталуы ұжымдық іс-әрекеттерден гөрі дербес іс-әрекеттің басымдығына жол ашады.

Астанада байқалған құбылыстың бірі - тек анасы жағындағы туыстармен араласатындардың санының артуы. Бұл, өз кезегінде, әке мен ана институттарындағы өзгерістер, әйелдің әлеуметтік-экономикалық статусы мазмұнының жаңа сипатымен байланысты. Сондай-ақ «жалғызбасты аналардың» көбеюі, «толық емес отбасылар» санының артуы да ағайындық шеңберлер аясының тарылуына, патриархаттық отбасының құндылықтарына ықпал етіп отыр.

Туыстармен қарым-қатынасқа түсу деңгейін қалалар арасында салыстырып көрсек. «Иә, барлығымен араласып тұрамын және үш жұртыммен толық араласып тұрамын» деген нұсқаны Астана қаласында респонденттердің – 38,3%, ал Жетісай қаласында респонденттердің 75,1% құрап отыр. Екі қала арасындағы айырмашылық екі есе.

Астана қаласынан зерттеуге қатысқан респонденттер өздерінің күнделікті өмірінде ең жақын туыстары мен ағайындарымен араласу жеткілікті деп санай отырып, рационалды стратегияны ұстанады. Бұл жағдайды Астана қаласы тұрғындарының заманауилыққа бет бұрып, олардың күнделікті өмір сүру әдістері мен ұстанымдарын рационалдандыруының алғышарттары ретінде қарастыруға болады. Ал Жетісай қаласында адамдар арасындағы қарым-қатынас мазмұнында өзгерістер бар, бірақ Астана қаласымен салыстырғанда дәстүрлі, қалыпты жағдай сақталуда. Мысалы, «Әкем жағынан туыстармен жиі араласып тұрамын» жауабын Астана қаласында респонденттердің – 25%, ал Жетісай қаласында – 10%. Сонымен қатар «жиірек анам жақтағы туыстармен араласып тұрамын» және «қайын жұртпен көбірек араласып тұрамын» деген нұсқаны респонденттердің Астана қаласында – 16,7%, Жетісай қаласында 7,5% көрсетті және «жиірек қайын жұртпен араласамын» деген нұсқаны таңдағандар жиынтықта – 2,5%. «Араласатын туыстар қатары азайып қалды» деген нұсқаны Жетісай қаласында небәрі – 3,8%, ал Астана қаласында 20% респондент көрсетті.

Жетісай қаласында «ешкіммен араласпаймын» жауап нұсқасын таңдаған респонденттер 1,3% құрады. «Араласатын туыстар қатары азайып қалды» нұсқасы бойынша Жетісай қаласындағы көрсеткіш пен Астана қаласындағы көрсеткіштің айырмашылығы - өте жоғары. Бұл көрсеткіштер үлкен қалада туыстық қарым-қатынастар шеңберінің ыдырау процесінің жеделдеп отырғанын көрсетеді.

Қазақ дәстүрлі қоғамының өзін-өзі ұйымдастыру әдісі ретінде жеті ата дәстүрін айтуға болады. Бұл дәстүр әлі де өзінің әлеуметтік-мәдени функциясын сақтап отыр. «Жеті атасын толық білетіндер» Жетісай қаласында 85% құраса, ал Астана қаласында тек 20% ғана құрады. «Жеті атасын шала білетіндер» Астана қаласында – 48,3%, Жетісай қаласында – 13,8%. «1-2 атамды ғана білемін» Астанада – 21,7%, ал Жетісайда – 1,3%. Басқа жауап нұсқалары бойынша Жетісай қаласындағы респонденттер арасында жауап жоқ. «Ешқайсысын білмеймін, білу міндет емес» және «жауап беруге қиналамын» – 3,3%. Екі қалалық кеңістікте жеті ата схемасына қатынастың мазмұнында өзгерістер бар екендігін көріп отырмыз. Жетісай қаласында байқалып отырған өзгеріс атап айтарлықтай жоғары емес, Ал Астана қаласында орын алып отырған өзгеріс көлемінің ауқымды екенін зерттеу дәлелдеп отыр. Астана қаласында өзінің жеті атасын «шала білетін» және «тек 1-2 атасын ғана білетін» респонденттер – 70%. Бұл көрсеткіш, зерттеуге алынған іріктелген жиынтықтың жартысынан көбін құрап отыр. Бұл өзгерістер өз кезегінде отбасы институтының құрылымында, оның қызметтік аясында басқа маңызды мәселелер қатарының кеңеюіне алып келді. Өзінің жеті атасын білмеуге ұрпақ сабақтастығының болмауы немесе жеті атасын үйретіп отыратын ата-әже институтының ыдырауы тікелей әсер етеді.

Енді «жеті атаны білу» құндылығының аймақтық ерекшеліктеріне тоқталсақ. «Жеті атаны білу» Астана қаласы тұрғындары үшін «өте маңызды» – 30,0%, ал Жетісай қаласы бойынша – 72,5%. «Жоқ дегеннен гөрі, иә» жауап нұсқасын Астана қаласында – 33,3%,

Жетісай қаласында – 23,8% респондент көрсеткен. «Иә дегеннен гөрі, жоқ» Астана қаласында – 23,3%, ал Жетісай қаласында – 2,5% респондент. «Жоқ, маңызды емес және жауап беруге қиналамын» жауап нұсқалары, тиісінше Астана қаласында 10% және 3,3% құрады. Ал Жетісай қаласында «жоқ, маңызды емес» – 1,3%. Астана және Жетісай қалалары тұрғындары үшін жеті атаны білу маңыздылығы бойынша таңдау коэффициенті Жетісай қаласының тұрғындары үшін үш есеге артық.

«Жеті ата» институтының сабақтастығы маңызы жайлы аймақтық ерекшеліктерге назар аударсақ. Астана қаласы бойынша респонденттерінің – 33,3%, ал Жетісай қаласы респонденттерінің - 83,8% ұлына немесе бауырына жеті атасын міндетті түрде үйрететіндігін көрсеткен. «Жоқ дегеннен гөрі, иә», Астана қаласы – 30%, ал Жетісай қаласы – 13,8%. Бүгінгі таңда жеті атаны білудің қажеті жоқ, «ол ескілік белгісі» деп көрсеткендер Астана қаласы бойынша – 23,3%, Жетісай қаласында – 2,5%. Сонымен қатар «жеті атасын мүлдем үйретпеймін» деген респонденттер Астана қаласында - 13,3% болса, ал Жетісай қаласында бірде бір респондент бұл жауап нұсқасын көрсетпеген. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер Жетісай қаласы тұрғындары үшін жеті атасын білу және оны ұлына немесе бауырына үйретіп отыру маңызды. Ал Астана қаласы тұрғындары үшін жеті атаны білудің және үйретудің маңыздылығы Жетісай қаласымен салыстырғанда төмен. Астана қаласы респонденттерінің 4/1 бөлігіне жуығы «жеті атаны үйретудің ескіліктің белгісі екенін, бүгінгі заманауи қоғамда оны үйретудің маңызы жоқ» деген пікірлерін білдірді.

Туыстық қатынастардың «туыстық емес кеңістіктегі» орнын анықтау мақсатында қойылған сұрауға мынадай жауаптар алынды: «жұмысқа орналасарда өзімнің маман ретіндегі күшіме сенім арттым» деген нұсқаны Астана қаласы бойынша респонденттердің – 60%, Жетісай қаласында – 46,3% таңдады. «Жұмысқа орналасарда туыстар көмегіне сенім арттым» деген нұсқа бойынша көрсеткіш Астана қаласында – 18,3%, ал Жетісай қаласында – 46,3%. Ал «қаржылай сыйақының көмегіне сенім арттым» деген нұсқаны екі қаладан да 2 респонденттен таңдаған. «Жұмысқа орналасарда ешкімнің көмегіне сенім артпадым» Астана қаласында – 18,3%, ал Жетісай қаласында – 5,0%. Астана қаласында өзінің маман ретіндегі күшіне сенген респонденттер саны көбірек. Бұл Астана қаласындағы кәсіби бәсеке деңгейінің жоғары болуымен түсіндіріледі. Ал Жетісай қаласында әлі де болса туыстық байланыстардың ықпалының туыстық емес кеңістікте де орны бар екенін көрсетті. Астана қаласы респонденттерінің жауап нұсқалары бойынша жеке мақсат және мүдделердің бірінші орынға шыққандығын байқаймыз. Ал Жетісай қаласында бұл құбылыстың енді ғана белең келе жатқандығын зерттеу нәтижелерінен көре аламыз.

Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелеріне қарайтын болсақ, аймақтар арасында айтарлықтай өзгешеліктердің бар екендігін көре аламыз. Бұл бірінші кезекте екі қалалық кеңістіктегі ағайындықтың әлеуметтік-мәдени қызметінің бір-біріне ұқсамайтындығына тікелей байланысты. Нарықтық қатынастар қоғамы дәстүрлі кезеңдегі ағайындық қарым-қатынастар жүйесіне өзгерістер енгізуде.

Отбасылық-туыстық қарым-қатынастар - қоғамның әлеуметтік-мәдени бет-бейнесі. Тұлғаның қоғамдағы ағайындықтың әлеуметтік-мәдени қызметін дұрыс интерпретацияда қолданылуын зерттеу әрқашанда өзекті. Сол себепті отбасылық-туыстық байланыстарды әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрғыдан зерттеу жүргізу маңызды.

Негізінен отбасының тұрақтылығы – қоғамның тұрақтылығымен тең құбылыс. Осы тұрақтылыққа ықпал етіп отырған факторлардың бірі ретінде бала тәрбиесіне назар аудару керек. Егер қазіргі таңда отбасы институтындағы бала тәрбиесі дұрыс жолға қойылатын болса, басқа өзекті әлеуметтік мәселелердің туындамауына себеп болады. Мысалы: заманауи қоғамда отбасы институтында пайда болып отырған өзгерістер «азаматтық неке», некесіз туылатын балалар, ерте жүктілік және т.б. Некесіз туылатын, яғни «тексіз бала» қазақ қоғамындағы отбасы институтының құндылықтық өзгерісінің көрінісі. Сонымен қатар заманауи отбасының әке және ана институтында рөлдік өзгерістер орын алып отыр. Қазір қоғамда «жалғызбасты ана» және «жалғызбасты әке» түсінігінің қалыптасуы осы құбылыстың зерттелуінің өзектілігін көрсетеді.

Қолданылган әдебиеттер тізімі

1. Девятко И.Ф. Методы социологического исследования. – Екатеринбург. Изд-во Урал, унта, 1998. – 208 с.
2. Фамилистические исследования. Том 2. Миллион мнений о семье ио себе. Сборник–М.,КДУ, 2009

УДК. 616.89-008.46:612.821.39.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКА В ПРОЦЕССЕ УСВОЕНИЯ

Хазратова Гулчехра Шариповна.

Samandar_1995@mail.ru

Старший преподаватель

Центра повышения квалификации педагогических кадров

при Ташкентской Медицинской Академии

Научный руководитель - Б. М.Умаров

Как отмечают многие исследователи, освоение системы знаний, соединяющееся с овладением соответствующими навыками, рассматривается в качестве «основного содержания и важнейшей задачи обучения» (С.Л. Рубинштейн). Однако сама проблема навыка трактуется до сих пор неоднозначно — от его фетишизации (бихевиоризм, необихевиоризм) до практического игнорирования (когнитивная психология). В то же время очевидно, что навык занимает одно из центральных мест в процессе усвоения.

К определению навыка подходят по-разному: как к способности, синониму умения, автоматизированному действию. Наиболее распространенным является определение навыка как упроченного, доведенного в результате многократных, целенаправленных упражнений до совершенства выполнения действия. Оно характеризуется отсутствием направленного контроля сознания, оптимальным временем выполнения, качеством. Наиболее полная и адекватная трактовка навыка как сложной многоуровневой двигательной системы предложена Н.А. Бернштейном: «это активная психомоторная деятельность, образующая и внешнее оформление, и самую сущность двигательного упражнения... Выработка двигательного навыка есть смысловое цепное действие, в котором также нельзя ни выпускать отдельных смысловых звеньев, ни перемешивать их порядок... Сам двигательный навык — очень сложная структура: в нем всегда имеются ведущий и фоновые уровни, ведущие вспомогательные звенья, фоны в собственном смысле слова, автоматизмы и перешифровки разных рангов и т.д. В не меньшей мере насыщен чисто качественной структурной сложностью и процесс его формирования».

Формирование навыка, по Н.А. Бернштейну, — это сложный процесс его построения, он включает все сенсомоторные уровневые системы. Напомним, что они все (А, В, С, D, Е и далее) есть постоянно усложняющиеся системы координационного управления любым навыком (ходьба, скоропись, речь, езда на велосипеде, косьба и т.д.). Так, уровень А при письме обеспечивает общий тонический фон пишущей конечности (руки) и рабочую позу; уровень В — плавную округлость движений и временной узор; уровень С — начертательную сторону, почерк; уровни D и Е осуществляют смысловую сторону письма.

Н.А. Бернштейн выделяет два периода в построении любого навыка. Первый период — *установление навыка* — включает четыре фазы: 1) установление ведущего уровня; 2) определение двигательного состава движений, что может быть на уровне наблюдения и анализа движений другого человека; 3) выявление адекватных коррекций как «самоощущение этих движений — изнутри». Эта фаза наступает как бы сразу, скачком и часто сохраняется пожизненно (если научиться плавать, то это навсегда), хотя и относится не ко всем навыкам; 4) переключение фоновых коррекций в низовые уровни, т.е. процесс